



**Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
баяндамалар жинағы
"ХАЛЫҚ ӨМІРІНІҢ ЖОҒАРЫ САПАСЫН ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ"**

**Сборник докладов Международной научно-практической
конференции
«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ ВЫСОКОГО
КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И НАЦИОНАЛЬНОЙ
БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the International Scientific and Practical
Conference
"STATE AUDIT IN ENSURING HIGH QUALITY OF LIFE OF THE
POPULATION AND NATIONAL SECURITY"**

8 апреля 2022 года

УДК 336.1
ББК 65.052а73
С 23

Г Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the International Scientific and Practical Conference "State audit in ensuring high quality of life of the population and national security"= Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы "Халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит". – Нұр-Сұлтан: - 277 б.

ISBN 978-601-337-664-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in conditions of ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях обеспечения высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-664-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2022

Литература:

1. Указ Президента Республики Казахстан от 26 февраля 2021 года № 522 “Об утверждении Концепции развития государственного управления в Республике Казахстан до 2030 года”. Эл. ресурс-
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000522>
2. Алибекова Б.А. Вопросы создания системы государственного аудита в Республике//Государственный аудит 2016., №4, С.63-65
3. Закон Республики Казахстан “О государственном аудита и финансовом контроле” от 12 ноября 2015 года №392-V ЗРК
4. Бейсенова Л.З. Проблемы методической обеспеченности проведения аудита эффективности в Республике Казахстан// Вестник КазНУ, Серия экономическая, №3 (125) 2018 г., С 239-251
5. Методика по проведению аудита эффективности деятельности субъекта квазигосударственного сектора от 31 марта 2016 года № 5-НҚ.

СЕКЦИЯ 2 СОВРЕМЕННЫЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В ПОВЫШЕНИИ ЭФФЕКТИВНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІК АУДИТІ

Ақылбек А.А.

«Мемлекеттік аудит» мамандығының 1 курс магистранты
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.,
Қазақстан Республикасы
E-mail: akylbekova-20@mail.ru

Ғылыми жетекші: *Бейсенова Л.З.*, э.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Аңдатпа. Бұл мақалада еліміздегі шағын және орта бизнестің дамуы, оның ел экономикасына, жергілікті нарыққа әсері және оны мемлекет тарапынан қолдауы бойынша бүгінгі таңда өзекті болып табылатын тақырыптарын ашып көрсетіледі. Зерттеудің мақсаты тақырыпқа сәйкес шағын және орта бизнестің дамуына және оның тиімді қызмет етуіне байланысты өткен жылдардағы көрсеткіштер мен тиімділік аудитінің қорытындыларын қарастыра отырып, жүргізілген талдау мен зерттеу нәтижелерін ұсыну. Еліміздегі жоғары билік өкілдері де кәсіпкерлік бастаманы дамытудың қажеттілігі мен маңыздылығын толық түсінеді. Сол себепті де шағын және орта бизнесті қолдау бойынша жүйелі саясат жүргізілу үстінде. Дегенмен, бұл саясатты қолдау шараларын іске асыру барысында бюджет қаражаттары мен инвестициялардың дұрыс қолданылуы да едәуір маңызды аспект болып табылады. Және сол салада тиімділік аудитін жүргізіп, ол бойынша ұсыныстар жасау орта және шағын кәсіпкерлікке қолдау шараларын жүргізгенде ысырапшылдықтың болуын азайтып, оны іске асыруды біршама жеңілдетеді.

Тірек сөздер: мемлекеттік аудит, тиімділік аудиті, шағын және орта кәсіпкерлік, мемлекеттік бағдарламалары, кәсіпкерлікті қолдау.

Аннотация. В данной статье раскрываются актуальные на сегодняшний день темы по развитию малого и среднего бизнеса в стране, его влиянию на экономику страны, местный рынок и его поддержке со стороны государства. Целью исследования является представление результатов проведенного анализа и исследования с рассмотрением итогов аудита эффективности и показателей за предыдущие годы, связанных с развитием и эффективным функционированием малого и среднего бизнеса в соответствии с темой. Высшее руководство страны также полностью осознает необходимость и важность развития предпринимательства. Поэтому проводится системная политика поддержки малого и среднего бизнеса. Однако целевое использование бюджетных средств и инвестиций в реализацию мер по поддержке этой политики также является очень важным аспектом. А проведение аудита эффективности в этой сфере и выработка рекомендаций по нему позволит значительно сократить наличие расточительства при реализации мер поддержки малого и среднего бизнеса и значительно облегчить их реализацию.

Ключевые слова: государственный аудит, аудит эффективности, малое и среднее предпринимательство, программы развития, поддержка бизнеса.

Annotation. This article reveals current topics on the development of small and medium-sized businesses in the country, its impact on the country's economy, the local market and its support from the state. The purpose of the study is to present the results of the analysis and study carried out, considering the results of the performance audit and indicators for previous years related to the development and effective functioning of small and medium-sized businesses in accordance with the topic. The top leadership of the country is also fully aware of the need and importance of developing entrepreneurship. Therefore, a systematic policy is being pursued to support small and medium-sized businesses. However, the targeted use of budgetary funds and investments in the implementation of measures to support this policy is also a very important aspect. And conducting an audit of efficiency in this area and developing recommendations on it will significantly reduce the presence of waste in the implementation of measures to support small and medium-sized businesses and greatly facilitate their implementation.

Key words: state audit, efficiency audit, small and medium business, development programs, business support.

Бүгінгі таңда көптеген дамыған мемлекеттерде экономикалық жүйенің негізгі буыны ретінде шағын және орта кәсіпкерлікті қарастырады. Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуына әсер етіп қана қоймай, жергілікті нарықты дамыту мен қанықтыруға, сонымен бірге бірқатар өңірлік жұмыс күшінің көбеюінің кепілі болып табылады. Оған қоса, шағын және орта кәсіпкерліктен түскен салық төлемдері барлық деңгейдегі бюджетті толықтыру көздерін көбейтудің бірден бір жолы десек болады. Бұл өз кезегінде шикізат экспортына бағытталған елдер үшін ерекше өзекті мәселе.

Сондай-ақ, кәсіпкерлер қазіргі заманға сай орта тапты азаматтық қоғамды құрайды.

Қазіргі таңда Қазақстанның экономикасында әлеуметтік бизнес ұғымы белсенді қалыптаса бастады. Шет елдердің тәжірибесіне сәйкес бизнес құрылымдар мен әлеуметтік саланың өзара іс-қимылы нәтижесінде бұл қызмет – әлеуметтік бизнес деп аталады [1]. Стратегиялық бастамалар агенттігінің мәліметінше, Қазақстанда әлеуметтік бизнес енді ғана дамып келе жатыр. Шет елдерде барлық компаниялардың төрттен бір бөлігі әлеуметтік бизнеспен айналысады. Жақын арада әлеуметтік бизнестің өсу үрдісі Қазақстанда да байқалады деп болжауда. Әлеуметтік бизнес халық арасында кәсіпкерлің оң имиджін қалыптастыруға, бірлескен қызметті және азаматтық қоғамның белсенді ұстанымын ынталандыруға мүмкіндік бере алады.

Қазіргі жағдайда шағын және орта кәсіпорындардың қызмет етуінің тиімділігінің ең көп таралған критерийлері – бұл әлеуметтік міндеттер кешенін шешуге мүмкіндік беретін жұмыс орындарының өсуі және бюджетке түсетін түсімдер болып табылады [2]. Бірқатар авторлардың пікірінше, шағын және орта бизнестің тиімділігін талдау мен бағалаудың негізгі міндеті – бұл пайданы ұлғайтудың неғұрлым маңызды бағыттарын анықтау мақсатында шағын және орта кәсіпорындардың қаржылық шаруашылық қызметінің әртүрлі тараптарының тиімділігін бағалау болып табылады [3].

Біздің елімізде кәсіпкерлік бастаманы толыққанды дамыту қажеттілігін және оның маңыздылығын түсінеді әрі қолдауға тырысады. Дегенмен еліміздің тарихындағы кеңестік кезеңде кәсіпкерлікпен айналысуға тыйым салынғандықтан және де экономикалық тұрақсыздық, геосаяси жағдайлардың салдарынан кәсіпкерлік қатынастарды дамытуда тәжірибенің аздығын ескере кету керек. Осыған орай, халықты кәсіпкерлікпен айналысуға ынталандыру, шағын және орта бизнестің тұрақты дамуын қамтамасыз ету, оларды қолдау мен қорғау өзекті де маңызды міндеттер болып табылады. Сәйкесінше, шағын және орта бизнесті қолдау шараларын іс жүзінде асыруды бақылау қажеттілігі туындайды.

Ең алдымен шағын және орта кәсіпкерліктің қазіргі кездегі жағдайын нақты білу негізгі көрсеткіштерді анықтау қажет. Яғни, шаруашылық жүргізуші субъектілердің жалпы құрылымындағы шағын және орта кәсіпкерлік үлесі болып табылады. Сондықтан, ең бірінші тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны динамикасын біліп алу қажет. Бұл жалпы осы саладағы жағдайды бағалауға және уақыт өте келе жағдайдың қалай өзгеретінін түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл көрсеткіштер іс жүзінде іске асырылып жатқан мемлекеттік қолдау шараларының әсер ету дәрежесінің бірден бір дәлелі бола алады.

2022 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны өткен жылдың тиісті күнімен салыстырғанда 7,1%-ға артқан. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы санында жеке кәсіпкерлердің үлесі 63,8%–ды, шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғаларының үлесі 20,9%–ды, шаруа немесе фермер қожалықтары 15,1%–ды, орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары 0,2%–ды құрады [4].

ҚР-да тіркелген және жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері санының мониторингі

2022 жылғы 1 наурыздағы ШОК субъектілерінің саны						
	Барлығы	Оның ішінде:				Өткен жылғы тиісті кезеңге, пайызбен
		шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғалары	орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары	жеке кәсіпкерлер	шаруа немесе фермер қожалықтары	
Тіркелген ШОК субъектілері						
ҚР	1 701 656	416 326	2 926	1 053 360	229 044	105,4
ШОК жұмыс істеп тұрған субъектілері						
ҚР	1 452 804	303 629	2 788	926 628	219 759	107,1

Сонымен қатар, соңғы 5 жылда шағын және орта бизнес субъектілерінің саны бойынша да, жұмыспен қамтылғандар саны бойынша да, оның ішінде өндірілетін өнім және жұмыстар мен қызметтер көлемі бойынша да өсу үрдісі байқалған еді. Қазақстан Республикасы бойынша жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау кәсіпкерлік бастаманы іске асыру үшін қолайлы құқықтық, экономикалық жағдайлар жасау арқылы шағын және орта бизнес субъектілерін ынталандыруды көздейді.

Жалпы, шағын және орта кәсіпкерлікке мемлекет тарапынан болып жатқан қолдау шараларын зерттей келе, бірқатар орындалуы тиіс және орындалу барысындағы мемлекеттік бағдарламаларды мысалға ала аламыз. Солардың бірі әрі бастысы ретінде «Бизнестің жол картасы - 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын айта кетсек болады. «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» және 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауларының мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған шара болып табылады [5]. Елдің орнықты экономикалық дамуын қамтамасыз ету жеке кәсіпкерліктің және бірінші кезекте шағын және орта кәсіпкерліктің жай-күйі мен даму деңгейіне тәуелді келеді. Осыған байланысты жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша жүйелі шаралар қабылдау қажеттілігі артады, бұл бағдарлама міндеттеріне сүйенетін болсақ, ол қаржыландыруға қол жетімділікті жақсартуды, қажетті инфрақұрылымды қамтамасыз етуді, құзыретті арттыруға жәрдемдесуді, консультациялық қолдау алуды және кәсіпкерлік бастамаларды бірлесіп іске асыру үшін әріптестер тартуды қамтитын болады, бірақ олармен ғана шектелмейді. Жалпы, бағдарлама 2020 жылдап бастап орындалу үстінде, 2020-2024 жылдар арасында 457 435 631 мың теңге көлемінде бюджет қаражаты жұмсалып жоспарланған. Осы төрт жыл ішінде бағдарламаны осы негізгі бағыттары арқылы іске асыру қажет:

- шағын, оның ішінде микро кәсіпкерлік субъектілерін қолдау;

-кәсіпкерлерді/индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерін салалық қолдау;

- кәсіпкерлікті қаржылай емес қолдау шараларын көрсету.

Дегенмен, Тексеру комиссиясының соңғы отырысында қаралған кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік аудит объектілері қызметінің, сондай-ақ «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының» жекелеген іс-шараларын іске асырудың тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудиттің қорытындылары алып қарайтын болсақ, біршама қателіктерді байқауымызға болады. Аудит Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның Нұр- Сұлтан қаласының өңірлік филиалы инвестицияларды тартуға, туризмді дамытуға, өңірлік кәсіпкерліктің орнықты және тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған біркелкі жұмыс жүргізетінін көрсетті.

Кәсіпкерлік кодексті бұза отырып басқармада өңірлерде кәсіпкерлікті қолдаудың бекітілген картасы жоқ. Сонымен қатар, мемлекеттік қолдауға ие болған жеке кәсіпкерлік субъектілерін (ЖКС) зерделеу барысында Қазақстан Республикасының басқа өңірлерінде іске асырылатын 23 жоба бойынша несиелерді субсидиялау және кепілдендіру түрінде 184 970,8 мың теңге сомасында қаржылық көмек көрсетілгені анықталды. Бұл бюджеттік қаражатты ҚР Ұлттық экономика министрлігі мен Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты елорда кәсіпкерлерін қолдау және дамыту үшін жұмсауға бекіткен болатын. Мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша барлығы 550,0 мың теңге сомасында бюджет түсімдері бойынша қаржылық бұзушылықтар анықталды.

Сондай-ақ, өтеуге тиіс 242 885,2 мың теңге сомаға бюджет қаражаты мен активтерді жұмсау кезінде қаржылық бұзушылықтар анықталды (отырыс өткізілгенге дейін 145 954,1 мың теңге өтелді), бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау сомасы 217 443,2 мың теңгені, бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану 464 234,6 мың теңгені, ықтимал экономикалық шығындар сомасы 1 116 441,7 мың теңгені құрады, сондай-ақ 60 рәсімдік бұзушылық және 28 жүйелі проблемалар мен кемшіліктер анықталды [4].

Яғни, бұл дегеніміз мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге көмек көрсету мақсатында жасалынған мемлекеттік бағдарламалардың жүйесіз жұмысы мен, бюджет қаражаттарын негізсіз немесе дұрыс емес жұмсау салдарынан қателіктердің барын көрсетеді.

Оның алдында 2020 жылы жүргізілген аудит қорытындысы бойынша мынадай шараларды ұсынған болатын:

1. Басқармамен мемлекеттік бағдарламаларды аумақтық деңгейде іске асыру кезінде мониторинг пен олардың орындалу барысын бақылаудағы олқылықтар мен кемшіліктерге жол беріледі. Осылайша, жүргізілген талдау Нұр-сұлтан қаласында өңірлік кәсіпкерліктің орнықты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету бойынша БЖК-2020 бағдарламасы, сондай-ақ бар жұмыс орындарын сақтау және жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру тиісті деңгейде іске асырылмай жатқандығын көрсетті.

2. Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілері санының ұлғаюына қарамастан, Нұрсұлтан қаласының ШОК субъектілері шығаратын өнімнің үлесі Қазақстан Республикасы бойынша ШОК субъектілері шығаратын өнімнің жалпы көлемінде, тиісінше өңдеу өнеркәсібінде де төмендеді.

3. БЖК-2020 Бағдарламасы Нұр-сұлтан қаласының шағын және орта кәсіпкерлігін қолдау мәселесін түбегейлі шешпейді, тек қажетті нәтиже жасамай, елорданың жекелеген кәсіпкерлік субъектілеріне нақты әсер етеді. Бағдарлама бойынша қолдау шаралары шеңберінде игерілген қаражат көлемінің жыл сайынғы өсуіне қарамастан, 2015-2019 жылдар кезеңінде Нұр-сұлтан қаласының ШОК субъектілерінің өнім шығарудағы Бағдарламаға қатысушылардың өнім шығарудағы үлес салмағы 5,3-тен 6,1% - ға дейінгі дәлізде бола отырып, айтарлықтай өзгерген жоқ. Бұдан басқа, 2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылы бұл көрсеткіш 6,7%-дан 6,1% - ға дейін төмендеді, бұл Нұр-сұлтан қаласының ШОК субъектілерін қолдау бойынша қабылданып жатқан шаралардың әлсіз әсерін көрсетеді.

Қорытындалай келе, қазіргі уақытта шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау шараларын тиімді іске асыруды толық көлемде қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтін институционалдық-құқықтық сипаттағы проблемаларды, қаржылық емес қолдау шараларын да одан әрі дамытуды, жүйелі жоспарлауды жақсартуды және қаржылық олқылықтарды да шешуге басты назар аударудың мәні зор деуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сафиуллин А. Білімге негізделген экономикадағы «Ақылды реттеу» //Басқару теориясы мен практикасының мәселелері. – 2013. – № 5. – Б. 135–142.
2. Спектор А.А. Мемлекеттік бақылау (қадағалау) жүргізу кезінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау // Кәсіпкерлік құқық. – 2013. – № 2. – Б. 21–23.
3. Таланова Е.А. Қазіргі экономикадағы нарықты мемлекеттік реттеу теорияларын салыстырмалы талдау / Таланова Е.А., Хуаде А.Ш. // саны: Саясат, экономика, құқық. – 2014. – № 1. – Б. 135–137.
4. Мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша аудиторлық қорытындылар: Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясының ресми сайты (электрондық ресурс): <https://rkastana.gov.kz/kz/news/auditorskie-zaklyucheniya-po-itogam-gosudarstvennogo-audita/rubrics>
5. «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 968 қаулысы (электрондық ресурс): <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000968>